

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Жиделі ауылының бағыныстылығын өзгерту туралы

Күші жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 258 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 33-10 шешімі. Күші жойылды-Жамбыл облысы әкімдігінің 17.08.2015 № 196 қаулысымен және Жамбыл облысы мәслихатының 25.09.2015 № 40-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Жамбыл облысы әкімдігінің 17.08.2015 № 196 қаулысымен және Жамбыл облысы мәслихатының 25.09.2015 № 40-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жамбыл облыстық мәслихаты **пешім ҚАБЫЛДАДЫ:**

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Жиделі ауылы Жамбыл облысы Шу ауданының әкімшілік бағыныстылығына берілсін.

Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың аймақты, әкімшілік-аумақтық құрылымды, ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері және жер учаскесін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау жөніндегі тұрақты комиссиясына және облыс әкімі аппаратының басшысы Р.С. Рахманбердиевке жүктелсін.

Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс Әкімі

К. Көкрекбаев

Облыстық мәслихаттың
сессиясының төрағасы

М. Ескендіров

Облыстық мәслихаттың
хатшысы

Б. Қарашолақов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК